Комиссия мүшелеріне Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру және оңалту жобасы бойынша бағалаудың қателіктері орын алған;

1. Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер бойынша 2024 жылы тапсырылған деректер 2025 жылдың 31 наурызына дейін жарамды екенін назарыңызға саламын және осы бағалау бойынша тиісті 2 балл берілуін сұраймын.
2. Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша "Қармақшы Жастары" ЖҚБ 2005 жылы құрылып бүгінгі күнге дейін әлеуметтік тапсырыс бойынша 10 жылдық тәжірибесі бар қоғамдық бірлестік, бағалаудың бұл тармағы бойынша тиісті 4 балл берілуін сұраймын
3. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) бағалаудың бұл бөлігі бойынша заң талаптарын орындап барлық құжаттары тіркелсе де тиісті балл берілмей 0 балл берілен, осы бойынша 4 балл беруді сұраймын.